

Садыкова Дина Спандияровна, магистр, оқытушы  
 «Алматы Менеджмент Университеті» БВМ  
 Алматы, Қазақстан Республикасы

## ҚАЗІРГІ ТҮРАҚСЫЗДЫҚ ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫ

Қаржылық қатынас кез келген ел экономикасының даму негізі болып табылады. Қаржы ресурстарының айналымы мен қайта бөлінүі қаржы нарығын аныктап береді және оның айналысының өзіндік аймагын қалыптастырады. Нарықтық экономика жағдайында қаржы нарығы тұтастай алғанда елдегі нарықтық қатынастар жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақстан Республикасында баға тұрақтылығын қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің негізгі мақсаты болып табылады. Баға тұрақтылығын қамтамасыз ету макроэкономикалық дамудың ағымдағы деңгейін ескере отырып тұркакты және жеткілікті түрде төмен инфляцияға кол жеткізуіді және сақтауды білдіреді. Қазақстан экономикасының дамуы 2015 жылды сырткы және ішкі қолайсыз факторлардың ықпалында болды. Мұнайға деген ұсныстың шамадан артық болуы жағдайында әлемдік нарықтарда баға 2008 жылғы желтоқсаннан бері ен төмөнгі мәнге жетіп, құлдырауын жалғастыруды. Оған коса ахуалға АҚШ ФРЖ негізгі пайыздық мөлшерлемені көтеруі косымша қысым көрсетті, бұл қаржы қаражатының дамушы елдерден дамыған мемлекеттердің нарығына әкелінуін ынталандыруды. Осы жағдайда икемді баға белгілеу шенберінде ұлттық валютаның бұдан әрі әлсіреуі байкалды. Ақша нарығында пайыздық мөлшерлемелер девальвациялық күтуперді көрсете отырып, құбылмалы болып калды. Қолайсыз сырткы жағдайлар аясында 2015 жылды Ұлттық Банк ақша- кредит саясаты іске асыруға қатысты тәсілдерді өзгертті және валюта нарығына қатысуын азайтты. Шаралар ен алдымен, валюта нарығындағы ахуалды тұрақтандыруға және қаражаттың ақша нарығынан валюта нарығына ауысыны шектеуге бағытталды [1].

2015 жылғы инфляция Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің реесми деректері бойынша 2015 жылды жылдық инфляция 13,6% (2014 жылы – 7,4%) болды. Бұл ретте, азық-тұлік тауарларының бағасы 10,9%-ға (8,0%-ға), азық-тұлікке жатпайтын тауарлардың бағасы 22,6%-ға (7,8%-ға) есті. Ақылы қызмет көрсету бір жылда 8,1%-ға (6,4%-ға) кымбаттады.

Азық-тұлік тауарларының ішінде 2015 жылды көбінесе кант 19,8%-ға, балық және теніз өнімдері – 19,5%-ға, майлар мен тоқ май – 18,5%-ға, жұмыртқа – 18,0%-ға, көкөністер мен жемістер – 17,3%-ға, макарон өнімдері – 10,2%-ға кымбаттады. Азық-тұлікке жатпайтын тауарлар нарығында киім мен аяқ киім бағасы 32,9%-ға, дәрі-дәрмектер 30,7%-ға, тұрмыстық үй заттары 24,7%-ға көтерілді. Бензиннің құны 4,6%-ға есті, дизель отыны 9,6%-ға арзандады. Ақылы қызметтер тобында тұрғын үй-коммуналдық сала қызметтерінің ақысы 8,7%-ға көтерілді. Байланыс қызметі үшін тарифтер 6,8%-ға, білім беру – 4,5%-ға, көлік – 4,2%-ға, амбулаторлық қызмет – 11,7%-ға кымбаттады.

2015 жылғы корытынды бойынша ағымдағы операциялар шоты 2014 жылғы корытындысы бойынша 6,1 млрд. АҚШ доллары мөлшеріндегі профицитпен салыстырғанда, ЕЖӨ-ге қатысты 3,8 млрд. АҚШ доллары немесе (-)2,7% мөлшеріндегі теріс сальдомен қалыптасты. Бұл ретте 2015 жылғы З-тоқсанда ағымдағы операциялар шотының теріс сальдосы (-)1,4 млрд. АҚШ долларын, ал 2-тоқсанда – (-)2,3 млрд. АҚШ долларын құрады. Ағымдағы операциялар шотының тапшылығы таза тауарлар экспортты қөрсеткішінің 2014 жылғы қөрсеткішпен салыстырғанда 66,1%-ға күрт қысқаруына байланысты болды. Төлем балансының жіктеуі бойынша тауарлар экспортты 2014 жылғы осындай қөрсеткішпен салыстырғанда 42,4%-ға төмендеп, 36,2 млрд. АҚШ доллары болды. Тауарлар импорты 2014 жылғы қөрсеткішпен салыстырғанда 19,8%-ға төмендеп, 25,8 млрд. АҚШ долларын құрады.

Нәтижесінде 2015 жылғы сауда балансының он сальдосы 2014 жылғы 30,6 млрд. АҚШ долларымен салыстырғанда, 10,4 млрд. АҚШ долларын құрады. Шикізатты, ен бастысы мұнайды экспорттаудан түсек кірістердің төмендеуі нәтижесі тікелей шетелдік инвестициялар бойынша төленуге тиіс кірістердің азаюы болды, бұл ағымдағы шотка қысымды азайтты. Бастапқы кірістердің теріс сальдосы 2014 жылғы қөрсеткішке қарағанда, 2 еседен артық қыскарды және 9,0 млрд. АҚШ долларын құрады, бұл ретте бейрезиденттерге тікелей инвестициялардан кірістерді төлеу 58,2%-ға төмендеп, 6,9 млрд. АҚШ долларын құрады. Ағымдағы шоттың баска құрауыштары бойынша халықаралық қызметтердің және қайталама кірістердің теріс сальдосы тиісінше 3,8 млрд. АҚШ доллары мен 1,4 млрд. АҚШ долларын құрады. Қаржы шоты (Ұлттық Банктің резервтік активтерімен операцияларды қоспағанда) 2015 жылғы 7,2 млрд. АҚШ доллары (2014 жылғы (-)3,9 млрд. АҚШ доллары) теріс сальдомен қалыптасты.

Шетелдік тікелей операциялар бойынша міндеттемелердің таза өсімі 4,5 млрд. АҚШ доллары мөлшерінде қалыптасты. «Салымдар бағыттары» қағидаты бойынша есепке алынған шетелдік тікелей инвестициялардың жалпы әкелінуі 2014 жылғы 19,1 млрд. АҚШ долларымен салыстырғанда 2015 жылғы 11,0 млрд. АҚШ долларын құрады. Өзара фирмааралық міндеттемелер бойынша негізгі борыштың өтелуін ескере отырып, Қазакстанға тікелей инвестиациялардың таза әкелінуі 2,1 млрд. АҚШ долларын (2014 жылғы 8,6 млрд. АҚШ доллары) құрады, шетелге тікелей инвестиациялар бойынша 0,2 млрд. АҚШ доллары мөлшерінде таза әкеліну (2014 жылғы 1,0 млрд. АҚШ доллары мөлшерінде таза әкетілу) қалыптасты. Портфельдік инвестиациялардың теріс балансы 7,3 млрд. АҚШ доллары (2014 жылғы он сальдо 6,5 млрд. АҚШ доллары) мөлшерінде қалыптасты, бұл ретте 2015 жылы

теріс сальдо 5,2 млрд. АҚШ долларын құрады. 2015 жылғы активтердің 3 6,3 млрд. АҚШ долларға төмендеуіне Үлттық көрдің және Қазақстан банктерінің шетелдік активтерінің қыскаруы себепші болды [2].

2015 жылы нақты көрсеткіш бойынша теңге 26,7%-ға (34 елдін валюталарына қатысты нақты тиімді айырбастау бағамының индексі базасында) әлсіреді, ал 2014 жылдың басынан бастап 2015 жыл аралығында – 22,1%-ға әлсіреді. 2015 жылғы тенгенің Ресей рубліне қатысты нақты көрсеткіш бойынша әлсіреуі 29,9%-ды құрады, ал 2014 жылдың басынан бастап 2015 жыл аралығында теңге нақты көрсеткіш бойынша 2,7%-ға әлсіреді. Негізгі сауда әрптестерінің валюталарына қатысты нақты айырбастау бағамдары 1-кестеде көлтірлген.

*Kесте 1. Тенгенің нақты айырбастау бағамы индексінің өзгеруі*

Валюта	2014 жыл	2015 жыл
Ресей рубліне қатысты	2,7%-ға әлсіреу	29,9%-ға әлсіреу
АҚШ долларына қатысты	39,6%-ға әлсіреу	33,3%-ға әлсіреу
Еурога қатысты	21,6%-ға әлсіреу	22,7%-ға әлсіреу
Қытай юаніне қатысты	37,3%-ға әлсіреу	31,5%-ға әлсіреу
Беларусь рубліне қатысты	10,0%-ға әлсіреу	1,0%-ға әлсіреу
Кыргыз сомына қатысты	22,9%-ға әлсіреу	20,8%-ға әлсіреу
Ескертпе – [2] дерек көзі негізінен құрастырылған		

Акша және валюта нарығына шолу жасасақ, 2015 жылғы автоматты РЕПО нарығындағы сауда-саттықтың жалпы көлемі 2014 жылмен салыстырыланда 2,1 есе өсіп, 23,13 трлн. теңге болды. РЕПО сауда-саттығының жалпы көлеміндегі 1-күндік операциялар бойынша сауда-саттық үлесі 83,7%-ды құрады. 1-күндік РЕПО операциялары бойынша орташа алынған мөлшерлеме 2014 жылғы 15,87%-дан 2015 жылғы 20,77%-ға дейін ұлғайды.

2015 жылғы своп нарығындағы сауда-саттықтың жалпы көлемі 53,8 трлн. теңге болды. Своп операцияларының жалпы көлеміндегі 1-күндік своптардың үлесі 95,4%-ды құрады. 1-күндік своп операциялары бойынша орташа алынған мөлшерлеме 21,4% болды.

2015 жылғы тенгенің айырбастау бағамы бір АҚШ доллары үшін 182,35 – 349,12 теңге аралығында өзгерді. 2015 жылдың сонында биржалық бағам бір жылда 86,5%-ға әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 340,01 теңге болды. Қазақстан кор биржасында KZT/USD валюталық жұбы бойынша биржалық операциялар көлемі 2014 жылмен салыстырыланда 2015 жылғы 37,5%-ға төмендеп, 55,8 млрд. АҚШ долларын құрады.

Биржадан тыс валюта нарығында KZT/USD валюталық жұбы бойынша операциялар көлемі 6,5 млрд. АҚШ долларына дейін 45,6%-ға төмендеді. Тұтастай алғанда, ішкі валюта нарығында KZT/USD валюталық жұбы бойынша операциялар көлемі 2014 жылмен салыстырыланда 38,5%-ға төмендеп, 62,4 млрд. АҚШ доллары болды[3].

2016 жылғы 1 кантардағы жағдай бойынша Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарының және Үлттық Банктің айналыстағы қыскамерзімді ноттарының көлемі 5892,4 млрд. теңгені құрады. 2015 жылғы Қаржы министрлігі мемлекеттік бағалы қағаздарды 419,6 млрд. теңгеге орналастыруды жүзеге асырды, бұл 2014 жылмен салыстырыланда 49,30%-ға аз. 2015 жылғы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша 13 аукцион өтті, оларда 5 жылдық МЕОКАМ (кірістілігі – 6,30%), 10, 15, 20, 25 жылдық МЕУКАМ (олар бойынша кірістілік тиісінше 7,20%, 7,62%, 8,04% және 8,35%) орналастырылды. Сонымен бірге, Қаржы министрлігі 467,6 млрд. теңге сомаға 10 жылдық еурооблигация және 280,6 млрд. теңге сомаға 30 жылдық еурооблигация орналастырды.

Нәтижесінде 2015 жылғы Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі 2014 жылмен салыстырыланда 5538,4 млрд. теңгеге дейін 20,1%-ға ұлғайды.

Қорытындылай келсек, 2015 жылғы бірінші жартыжылдықта Үлттық Банктің акша-кредит саясаты акша нарығындағы мөлшерлемелерді, сондай-ақ тенгенің айырбастау бағамын төмендетуге және тұркстандыруға бағытталды.

Кері РЕПО операциялары бойынша қолжетімді кепілмен қамтамасыз етудің жеткілікті болмауына байланысты, өтімділіктің негізгі көлемі «овернайт» валюталық своп операциялары арқылы ұсынылды. Соның салдарынан 2015 жылдың басынан бастап акша нарығы мөлшерлемелерінің құбылымалылығы 2014 жылдың сонындағы жағдаймен салыстырыланда айтартылғатай төмендеді. 2015 жылғы бірінші жартыжылдық ішінде өтімділікке сұраныстың тұркстануына карай Үлттық Банктің қатысу көлемі біртіндеп төмендеді. 2015 жылғы маусымда және шілдеде өтімділікті ұсыну мен алу бойынша операциялар Үлттық Банктің қатысуынсыз жүзеге асырылды. Бұдан баска, Үлттық Банк жекелеген проблемалық банктерді колдау үшін қайта қаржыландыру карыздарын беруін жалғастырды.

2015 жылғы кері РЕПО операцияларының көлемі (қайта қаржыландыру карыздары) орташа алынған кірістілік жылдық 5,5% болған кезде 4,9 трлн. теңге болды, «Қазақстан кор биржасы» АҚ-та «овернайт» мерзімі бар кері РЕПО операцияларының көлемі орташа алынған кірістілік жылдық 14,88% болған кезде 425,6 млрд. теңге болды, «Қазақстан кор биржасы» АҚ-та «овернайт» валюталық своп операцияларының көлемі орташа алынған кірістілік жылдық 15,5% кезінде 19,6 трлн. теңге болды.

Акша-кредит саясаты құралдарының жүйесін жетілдіру шенберінде 2015 жылғы наурызда ең төменгі ре-

зерткіт талаптар тетігіне өзгерістер енгізілді. Міндеттемелерді валюталардың мынадай түрлері бойынша бөлуді болжамдайтын резервтік міндеттемелердің барынша жан-жакты құрылымы енгізілді: ұлттық және шетел валютасы. Қосымша алғанда, банктердің өтімділікті басқару мүмкіндігін жақсарту мақсатында орташа алу қағидатын сақтай отырып, ең тәменгі резервтік талаптарды есептеу тәртібі өзгерді. 2015 жылғы 23 маусымнан бастап ең тәменгі резервтік талаптарды айқындау және резервтік активтерді қалыптастыру кезеңдері 28 күнтізбелік күнде құрайды және бірінен кейін бірі тікелей тұрады [4].

Банктер тараулынан өтімділікке сұраныстың қажетті көлемін айқындау мақсатында Ұлттық Банк резервтік активтер құрылымындағы қолма-кол ақшаның үлесін оларды айқындау кезеңінде ең тәменгі резервтік талаптардың орташа мөлшерін 70% деңгейде шектеді.

Банктерде бос теңге каражатының болмауынан Ұлттық Банктің өтімділікті сініру құралдары сұраныска не болған жок. Осыған байланысты, 2015 жылғы бірінші жартыжылдықта Ұлттық Банк қыскамерзімді ноттарды орналастырган жок. 2015 жылғы бірінші жартыжылдықта банктерден тартылған депозиттердің көлемі 605,9 млрд. теңгеға болды, бұл 2014 жылғы бірінші жартыжылдыққа қарағанда 3,1 есе аз. Өтімділікті алу тенденцияның айырбастау бағамын колдау мақсатында өткізілген ішкі валюта нарығында шетел валютасын сату бойынша Ұлттық Банктің операцияларына ықпал етті [5].

Қазақстан Республикасында ақша-кредит саясатының баға тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша заңнамалық деңгейде белгіленген мақсатка сәйкес Ұлттық Банк 2016 жылға инфляция деңгейін тұрақтандыруды және оны тез арада белгіленген 6-8% дәлізге кайтаруды өз қызметінің басым бағыты деп белгілейді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Интықбаева С.Ж., Құлпыбаев С.Қ., Мельников В.Д. Қаржы: оқулық. Алматы, 2011.
2. <http://www.nationalbank.kz/> КР Ұлттық Банкінің сайты
3. Смагұлова Р.О., Мәдіханова Қ.Ә., Тұсаева Ә.Қ., Сатыбалдиева Ж.Ш. Қаржы, ақша айналысы және несие. Алматы, 2008.
4. [www.stat.gov.kz/](http://www.stat.gov.kz/) Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика министрлігінің статистика комитетінің ресми сайты
5. Кузнецова Е.И. Деньги, кредит, банки [Текст]: Электронный учебник / Е.И. Кузнецова.- 2-е изд.- Москва: Юнити-Дана, 2011.